

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында 2016 жылғы қаңтар - наурыз аралығында Қазақстан Республикасы ер азаматтарын әскери есепке алу және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 қарашада N 3463 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, "Әскери міндептілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімі **ШЕШІТІ**:

1. 2016 жылғы қаңтар-наурыз аралығында "Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім" республикалық мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру участкесіне тіркеуге тұратын жылды он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын әскери есепке алу және медициналық куәландыруды ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары М.М. Жұмабаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Жұмабеков*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар  
ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім"  
республикалық мемлекеттік мекемесі бастығының  
міндеттін уақытша атқарушы  
2015 жылғы "23" қазан*

*Д. М. Қабиденов*